

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 мамырдағы N 802 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 15 қазандағы N 1055 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 26 мамырдағы N 802 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 24, 283-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдалануды ретке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Санитарлық-эпидемиологиялық, туберкулездік, психоневрологиялық мекемелер, сот сараптамасы органдары, Қазақ республикалық лепрозорийі ұсынатын тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатудан түскен қаражатты пайдаланудың ережесінде:

2 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын, өтініштер бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен зертханалық зерттеулерді жүргізуден, нормативтік-техникалық және бланк өнімдерін өндіру мен дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсетулерді сатудан, кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуден түскен қаражат мынадай тәртіппен:";

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станцияның нормативтік-техникалық, баспа өнімдерін өндіруге байланысты шығыстарына;";

мемлекеттік тілдегі мәтінінде алтыншы абзац мынадай мазмұндағы редакцияда ж а з ы л с ы н :

"үй-жайлар мен басқа да объектілерге дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізуге байланысты шығыстарға;";

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз

етуді жетілдіруге пайдаланылады."; 5 - тармақта :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Санитарлық-эпидемиологиялық мекемелер ұсынатын, өтініштер бойынша санитарлық-эпидемиологиялық сараптама мен зертханалық зерттеулерді жүргізуден, нормативтік-техникалық және бланк өнімдерін өндіру мен дезинфекциялық, дезинсекциялық және дератизациялық қызмет көрсетулерді сатудан, кәсіптік-гигиеналық даярлықты жүргізуден түскен қаражат мынадай тәртіппен:";

төртінші абзацтағы "қамтамасыз етуге" деген сөздерден кейін "және бланк өнімдерін сатуға" деген сөздермен толықтырылсын;

мемлекеттік тілдегі мәтінінде бесінші абзац мынадай мазмұндағы редакцияда жазылсын :

"үй-жайлар мен басқа да объектілерге дезинфекция, дезинсекция, дератизация жүргізуге байланысты шығыстарға";

мемлекеттік тілдегі мәтінінде алтыншы абзацтағы "шығыстарға" деген сөзден кейін ";" белгісі қойылып, мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"санитарлық-эпидемиологиялық мекемелерді материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жетілдіруге " ;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсететін ақылы қызметтердің бағаларын - заңнамада белгіленген тәртіппен азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқарушы органы, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ақылы қызметтердің бағаларын жергілікті атқарушы органдар бекітеді".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі